ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ЖАНГЕЛДИН АУДАНЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ АЛБАРБӨГЕТ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»КММ-СІ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ БОЙЫНША

Өзін-өзі бағалау материалдары

Көкалат ауылы, 2025 жыл

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектепке дейінгі оқыту саласының өзін-өзі бағалауының қорытынды

А Н Ы Қ Т А М А СЫ

Бақылау түрі: өзін-өзі бағалау.

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы», «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қостанай облысының білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің «2024 жылы мемлекеттік аттестаттауға жататын Қостанай облысының білім беру ұйымдарының тізімін бекіту туралы» 7 қараша 2023 жылғы № 445 бұйрығы.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

1	Кулмаганбетов Айбол Дуйсенович	Мектеп директоры, комиссия төрағасы
2	Болганбаева Лаззат Муратбековна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары
3	Кабажаева Анар Ахатовна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі
4	Карбозова Жазира Калтаевна	Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
5	Есмаганбетова Замзагул Мухамедяровна	Орыс тілі мен орыс әдебиеті пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
6	Кожамжарова Акшабак Жумабековна	Шағын орталық тәрбиешісі, мүшесі
7	Ибикенова Гулжан Калеловна	Тарих пәні мұғалімі, комиссия мүшесі

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;

2) оқу және оқыту;
3) білікті қызметкерлердің болуы;
4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

І БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру ұйымының толық аталуы: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

(Жангелдин ауданының мемлекеттік білім беру мекемелерін қайта атау туралы 5.01.2021 жылғы № 8 қаулысы негізінде «Жангелдин ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Албарбөгет орта мектебі» мемлекеттік мекемесі жаңа атаумен Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі» КММ-сі болып аталды. Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН)№970940002772,, 11.01.2021 жылы мектеп осы атаумен заңды тұлға ретінде қайта тіркелді).

Білім беру ұйымының орналасқан жері: 110600, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Албарбөгет ауылдық округі, Көкалат ауылы, Қыпшақ .Сейтқұл көшесі 4 ғимарат.

Заңды тұлғаның байланыс деректері:

Телефон: 87143926-2-18 **Электронды пошта: albarboget.mektep@bk.ru**

Web-сайт: albarbgetmektebi инстаграм, «Албарбөгет жалпы білім беретін мектеп» фейсбук парақшасы.

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:

Мектеп директоры Кулмаганбетов Айбол Дуйсенович, Жангелдин ауданының білім бөлімі басшысының 2025 жылғы 28 сәуірдегі №51 бұйрығымен тағайындалған.

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары:

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 42-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27- бабына, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі Жангелдин ауданының мемлекеттік білім беру мекемелерін қайта атау туралы 2021 жылғы 5 қаңтар №8 қаулы негізінде, «Жангелдин ауданы әкімдігінің білім бөлімінің Албарбөгет орта мектебі» мемлекеттік мекемесі жаңа атаумен Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі» КММ –сі болып қайта аталып, бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) №970940002772, 11.01.2021 жылы мектеп заңды тұлға ретінде тіркелді.

Рұқсат беру құжаттары:

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімі Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі» КММ қызметтің ішкі тәртібін регламенттейтін құрылтайшылық құжаттары бар, оның ішінде: "Білім туралы"

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 41-бабына, «Білім

және Қазақстан Республикасы әділет министрілігі Қостанай облысының әділет департаменті Арқалық қаласының ауданаралық әділет басқармасы» Республикалық мемлекеттік мекемесінің бұйрығымен бекітілген Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі» КММ-сі Жарғысына /бастапқы тіркелген күні 09.04.1997, сәйкес,кейінгі тіркелген күні 11.01.2021 жыл/ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Қостанай облысының Білім саласындағы бақылау департаменті» ММ 2021 жылғы 05 наурыз № KZ92LAA00025220 білім беру қызметін жүргізу құқығына мемлекеттік лицензия, 15.10.2018 жылғы № 422211 "Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" ММ берген медициналық қызметпен айналысуға мемлекеттік лицензиясы бар

Ғимараттың салынған жылы: 1982 жыл

Жобалық қуаттылығы: 3900

Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі (коды): 12:276:014:043

Жер учаскесінің көлемі -1,3260 га.

Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Албарбөгет ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 12 қаңтардағы №01 шешімі негізінде жерді тұрақты пайдалану құқығы актісі берілді.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметті бастау не тоқтату туралы хабарлама.

Қабылдайтын ұйымның атауы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қостанай облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі (Көшірмесі тіркелген)

Хабарламаның тіркелген кіріс нөмірі: KZ92LAA00025220

Ескертуді алған күні мен уақыты: 15.03.2021 17:36

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің миссиясы

Мектепке дейінгі мекемелер үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы сатысы ретінде үнемі өзгеріп отыратын, қоғамға бейімделе алатын қабілетті баланың тұлғалық дамуына және қалыптасуына барлық жағдай жасау қажет. Аталған білім беру ұйымында тәрбиелеу-оқыту үрдісінде инновациялық технологияларын қолдана отырып, дені сау, дербес, білуге құмар, сын тұрғысынан ойлай алатын тұлға қалыптастыру. Білім беру ұйымының алға қойған мақсаты мектепке дейінгі жастағы баланың толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау, физикалық, психоэмоционалдық, тілдік коммуникативтік құзіреттіліктері дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Мақсатты жүзеге асырудың жолдары:

1. Денсаулық сақтау технологияларын қолданып, балалардың дене және психикалық, интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін дамытып, заманауи сапалы тәрбие беру.

2. Мектепке дейінгі ұйымның педагог кадрларының кәсіби деңгейін көтеру және бәсекеге қабілетті озық педагогтың біліктілігін арттыру
3. Ата-аналармен тығыз ынтымақтастықты жүзеге асыру, психологиялық-педагогикалық даму мәселелерін шешуде отбасымен қарым-қатынас жүйесін дамыту.
4. Шағын орталық жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін материалдық-техникалық базаны толықтырып, қамтамасыз етуді жалғастыру.
5. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту. Балалардың даму мүмкіншіліктерін, денсаулық жағдайларын, қызығушылық деңгейлерін ескере отырып, дені сау, шығармашылық қабілеті зор, үйлесімді жеке тұлғаны қалыптастыру және баланың психофизиологиялық дамуы туралы мәселелер жөнінде балабақша мен отбасы арасындағы байланысты нығайту. Ұйымдастырылған іс-әрекеті кестесі ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартының оқу жоспарына және санитарлық-гигиеналық ережелеріне толық сәйкес келеді.

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі балаларды патриоттық рухта, өз жеріне деген сүйіспеншілікке, өзінің кіші Отанына деген адалдыққа, табиғатқа, жануарларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу болып табылады. Баланы жақсылық жасауға баулитын, рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейтін негізгі орта - отбасы болып табылады. Педагогтердің міндеті - ата-аналарға отбасында, ең алдымен, ата-бабалар қалыптастырған адамгершілік және рухани әдет-ғұрыптармен құндылықтардың сақталуы және берілуі керек екенін, ата-аналар балаларды тәрбиелеуге жауапты және бала үшін отбасы - бұл тәрбие негізі, адамдарға, табиғатқа деген карым- қатынас қаланатын әлемекенін түсінуге көмектесу.

Балалардың құрдастарына мейірімді қарым-қатынасын дамытуға, адамдарға деген құрмет сезімін, игі істер жасауға ұмтылысын тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу қажет. Осы тұжырымдаманың негізіне біліктілік көздерін, мәдениетті білетін жалпы адами және ұлттық құндылықтар мен біріктірілген тәсілдер негізінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы баланың жеке басын дамыту үлгісі жатады.

Күтілетін нәтижелер:

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда педагогтердің кәсіби біліктілік деңгейі сәйкестігінің болуы, әртүрлі инновациялық ойын іс-әрекетінің түрлерін меңгеру. Денсаулық сақтау технологияларын қолданып, балалардың дене және психикалық, интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерін дамытып, заманауи сапалы тәрбие беру

II БӨЛІМ. КАДРЛЫҚ ҚҰРАМҒА ТАЛДАУ

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жанындағы шағын орталық және мектепалды даярлық тобында 4 педагог жұмыс жасайды, соның ішінде:

Шағын орталықта - 3 педагог

Жоғары білімі бар - 1 педагог

1) **Төлеухан Нағашыбай Төлеуханұлы**- тәрбиеші, диплом бойынша мамандығы мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу.

Арнаулы орта білімі бар -2 педагог

1. **Кожамжарова Акшабак Жумабековна** - тәрбиеші, диплом бойынша мамандығы мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу.

2) **Байғабыл Назгүл Мейрамқызы** - мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу.

Мектепалды даярлықта - жоғары білім бар - 1педагог

Жоғары білімі бар - 1 педагог

Ахмедия Аида Қалабайқызы – даярлық сынып, диплом бойынша мамандығы мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу.

Шағын орталық пен мектепалды сыныпта жұмыс істейтін 4 тәрбиешінің 2 еуі жоғары білімді, 50,0 % құрайды.

Педагогтардың кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатының деңгейін растауды арттыруы туралы ақпарат.

1. Төлеухан Нағашыбай Төлеуханұлы «Педагог-модератор», 04.06.2021ж. Бұйрық №3 **(2025-2026 оқу жылында Педагог-сарапшы категориясына кезегі келіп тұр)**
2. Кожамжарова Акшабак Жумабековна «Педагог-модератор», 04.06.2021 ж. Бұйрық № 3 **(2025-2026 оқу жылында Педагог-сарапшы категориясына кезегі келіп тұр)**
3. Байғабыл Назгүл Мейрамқызы «Педагог».
4. Ахмедия Аида Қалабайқызы «Педагог-модератор» 06.09.2024 ж Бұйрық №51

Педагогтардың кемінде үш жылда бір рет педагогтердің біліктілігін арттыру туралы ақпарат.

Төлеухан Нағашыбай Төлеуханұлы, "Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру" 10.04.202 ЖШС "USTAZ" педагогтерді үздіксіз кәсіби дамыту орталығы №1892 академиялық 80 сағат.

Кожамжарова Акшабак Жумабековна - "Мектепке дейінгі ұйымдарда оқу -тәрбие процесін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері» «Заманауи ғылым -білім беру орталығы» ЖШС №0477. 80 сағат (27.01-07.02.2025ж).

Байғабыл Назгүл Мейрамқызы - " Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын технологияларын қолдану құзыреттілігін дамыту " ӨРЛЕ-EDUCATION" республикалық оқу -әдістемелік орталығы №А02839 04.04.2025 ж. академиялық 72 сағат.

Ахмедия Аида Қалабайқызы «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту " «ӨРЛЕУ» АҚ №0585724 20.04.2023 ж академиялық 72 сағат.

Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілерінің бәрі талапқа сай 100 пайыз біліктілік курстарынан өткен.

III БӨЛІМ. ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕР КОНТИНГЕНТІ

Білім беру мен оқытудың нәтижелеріне бағытталған мазмұн критерилері

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік ережелерін сақтау.
2023-2024 оқу жылына арналған Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 3-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 3-қосымшасы Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрылған.
2024-2025 оқу жылына арналған Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мекеме басшысы А. Қасыммен келісіліп Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры бекітілген шағын орталық және мектепалды даярлық тобының оқу жұмыс жоспары салынды.
2024-2025 оқу жылында шағын орталықта 2 топ жұмыс істеді.
Кіші жас, орта жас, ересек жас топтарға бөлінді. 20 бала тәрбиеленуде. Мектепалды даярлық тобында 1 топ жұмыс істеді. 8 бала тәрбиеленді.

Жас ерекшеліктері бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің контигенті туралы мәліметтер.

Шағын орталықта:
2022-2023 оқу жылында ерекшебілім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.
2023-2024 оқу жылында ерекшебілім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.
2024-2025 оқу жылында ерекшебілім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.

Мектеп алды даярлық тобында:
2022-2023 оқу жылында ерекшебілім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.
2023-2024 оқу жылында ерекшебілім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.
2024-2025 оқу жылында ерекшебілім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ
Жас топтарын толтыру, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды есепке алу туралы мәліметтер;

Шағын орталықта:

2022-2023 оқу жылының басында – 29 бала, оқу жылының аяғында-29 бала тәрбиеленді.

2023-2024 оқу жылының басында – 24 бала, оқу жылының аяғында - 25 бала тәрбиеленді.

2024-2025 оқу жылының басында – 20 бала, 2-ші тоқсан аяғында- 20 бала тәрбиеленді.
Мектепалды даярлық тобында:
2022-2023 оқу жылының басында – 6 бала, оқу жылының аяғында- 6 бала тәрбиеленді.
2023-2024 оқу жылының басында –9 бала, оқу жылының аяғында- 9 бала тәрбиеленді.
2024-2025 оқу жылының басында –8 бала, 2-ші тоқсан аяғында- 8 бала

Әртүрлі жас топтарының болуы туралы мәліметтер.

Контигентінің қозғалысы туралы мәліметтер

Білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы ақпарат.

Оқыту және оқу мерзіміне қойылатын талаптар.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директорының қолы, мектептің мөрімен бекітілген тәрбиеленушілердің контигентінің тізімінің көшірмесі салынды.

Оқушы 1-сыныпқа қабылданғанға дейін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын меңгеру мерзімдерінің сақталуы.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Албарбөгет жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директорының қолы, мектептің мөрімен бекітілген тәрбиеленушілерді қабылдау және шығару туралы бұйрықтары қоса берілді.

IV БӨЛІМ. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Білім беру мен оқытудың нәтижелеріне бағытталған мазмұн критерилері.

Іс шаралардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігі.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына арналған бекітілген перспективалық жоспар бар. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру бағыттарының мазмұны кіріктірілген. Бекітілген күн тәртібі бар. Перспективалық жоспарлар өтпелі тақырыптар бойынша оқу жылына құрастырылды.

Төменде аталған құжаттар бойынша көшірмелері қоса берілді.

1. Перспективалық жоспар көшірмелері
2. Шығармашылық және көркемдік конкурстарға қатысу нәтижелері.

Шағын орталық топтарында оқу жоспары балалардың жасына сәйкес жүктемені беруді қарастырады.

1) Кіші жас топта (2жастан бастап) –аптасына 9сағат, сабақтың ұзақтығы 10-15 минут.

2) Ортаңғы жас топта (3 жастан бастап) –аптасына 11 сағат, сабақтың ұзақтығы 15-20 минут.

3) Ересек жас топта (4 жастан бастап)- аптасына 17 сағат, сабақтың ұзақтығы 20-25 минут.

Мектепалды даярлық тобының балаларына арналған оқу жүктемесінің көлемі мынандай:

Мектепалды даярлық топта (5 жастан бастап) – аптасына 20 сағат сабақтың ұзақтығы 25-30 минут.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспарларының көшірмесі қоса берілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің максималдық көлемінің критерилері.

-оқушылардың оқу жүктемесінің максималды көлеміне қойылатын талаптарды сақтау.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне

қойылатын талаптар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі мен сақталуы;

2) оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы

2022-2023 оқу жылы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым минстрінің 2020 жылғы 12мамырдағы №195 бұйрығына 1қосымша және 2қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1қосымшасы және Мектепке дейінгі шағын орталық тобына жасалған жұмыс оқу жоспарын «Балапан» бағдарламасын басшылыққа ала отырып жасалынды. Жалпы оқу пәндері инвариативтік бөлік пен оқу пәндеріне бөлінеді.

Жұмыс оқу жоспары мектептегі мектепке дейінгі шағын орталық тобына лайықталып апталық сағат саны, жылдық сағаттары көрсетіліп жасалған.

Мектепке дейінгі шағын орталық тобы 2-топқа , 2 жас - 1 топқа, 3-4 жастағы 1 топқа бөлінген. Мектепке дейінгі шағын орталық тобы мынадай инвариативті

бөліктер мен оқу пәндері бойынша бөлінген.

Бірінші бөлік: денсаулық.

Екінші бөлік: қатынас.

Үшінші бөлік: таным

Төртінші бөлік: шығармашылық.

Бесінші бөлік: әлеуметтік.

Денсаулық бөлігі 2жас (1) топ, 3-4 жас (1 топ), 5 (1 топ) жастағы шағын орталық тобында дене тәрбиесі 3 сағат.
Коммуникация бөлігіндегі 1 сағат; 2 жастағы сөйлеуді дамыту 0,5 сағат; көркем әдебиет 0,5 сағат
Коммуникация бөлігіндегі 1 сағат 2 жас (1) топ , 3-4 жас (1 топ), жастағы шағын орталық тобында сөйлеуді дамыту 0,5 сағат , көркем әдебиет 0,5 сағат.
Коммуникация бөлігіндегі 2 сағат 3-4 жастағы шағын орталық тобында сөйлеуді дамыту 1 сағат, көркем әдебиет 0,5 сағат, орыс тілі 0,5 сағат.
Таным бөлігіндегі 1 сағат: 2 жас, шағын орталық тобында сенсорика 0,5 сағат, Таным бөлігіндегі 3-4 жастағы шағын орталық тобында құрастыру 0,5 сағат.
Таным бөлігіндегі 3-4 жастағы шағын орталық тобында құрастыру 0,5 сағат, жаратылыстану 1сағат.
Шығармашылық бөлігіндегі 2 сағат: 1,5-2 жастағы шағын орталық тобында сурет салу 0,5, мүсіндеу 0,5, музыка 1 сағат.
Шығармашылық бөлігіндегі 3 сағат: 2жас, 3-4жастағы шағын орталық тобында сурет салу 1 сағат, мүсіндеу 0,25 сағат, аппликация 0,25 сағат, музыка 1,5 сағат.
Шығармашылық бөлігіндегі 3 сағат: 3-4 жастағы шағын орталық тобында сурет салу 1 сағат, мүсіндеу 0,25 сағат, жапсыру 0,25 сағат, музыка 1,5 сағат.
Шығармашылық бөлігіндегі 3,5 сағат: 4-5 жастағы шағын орталық тобында сурет салу 1 сағат, мүсіндеу 0,5 сағат, жапсыру 0,5 сағат, музыка 1,5 сағат.
Әлеумет бөлігіндегі 0,5 сағат: 3 – 4 жастағы шағын орталық тобында қоршаған ортамен таныстыру 0,5 сағат.
Вариативтік компонентте 3-4 жас шағын орталық тобында ертегілер елінде таңдау берілген. 4-5 жастағы шағын орталық тобына ұлттық ойындар, ISBN 9965-810-42-12 ертегілер елінде таңдау курсы берілді.
Шағын орталықта апталық оқу жүктемесінің көлемі-2 жас (1) топ-7сағат, 3-4 жас (1 топ)-12сағат, 4-5 (1 топ)-14сағат.
Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы-, 2 жас (1 топ)-10-15 минут, 3-4 жас (1 топ)-15-20минут, 5 (1 топ)-20-25 минут.
2023-2024 оқу жылы: «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығына 1-қосымша және Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» негізінде жасалды. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен

оқытуда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1қосымщасы және 2-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1 қосымшасы және 2-қосымшасы Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасалды.

Жұмыс оқу жоспары мектептегі мекетепке дейінгі шағын орталық тобына лайықталып апталық сағат саны, жылдық сағаттары көрсетіліп жасалған. Мектепке дейінгі шағын орталық тобы 2топқа: 1,5-2жас-1топ, 3-4 жаста-1топтарға бөлінген. Мектепке дейінгі шағын орталық тобы мынадай инвариативті бөліктер мен оқу пәндері бойынша бөлінген.

Бірінші бөлік: денешынықтыру. **Екінші бөлік:** сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет. **Үшінші бөлік:** сенсорика. **Төртінші бөлік:** қоршаған ортамен танысу. **Бесінші бөлік:** сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **Алтыншы бөлік:** музыка

Денсаулық бөлігі: 2жас - 1топ, 3-4 жаста - 1топ, 5жас - 1 топ жастағы шағын орталық тобына дене шынықтыру аптасына үш рет. Дене шынықтыру-күн сайын.

«Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет» 2жас, 3-4 жас, 5 жастағы шағын орталық тобына күн сайын, көркем әдебиет - 0,5 сағат.

Сенсорика - 2 жас, жастағы шағын орталық тобына күн сайын.

Қазақ тілі - аптасына бір рет. Қазақ тілі- 3-4 жастағы шағын орталық тобына күн сайын.

Математика негіздері - 3-4 жас, 5 жастағы шағын орталық тобына күн сайын.

Қоршаған ортамен таныстыру- 2жас, 3-4 жастағы шағын орталық тобына күн сайын.

Сурет салу - мүсіндеу, жапсыру, құрастыру - 2жас, , 3-4 жастағы шағын орталық тобына күн сайын.

Музыка - аптасына бір рет. Музыка - 2жас, 3-4 жастағы шағын орталық тобына күн сайын.

2024-2025 оқу жылы: «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығына 1-қосымша және Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348

бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» негізінде жасалды.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1қосымша және 2-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 1-қосымшасы және 2-қосымшасы Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасалды.

Жұмыс оқу жоспары мектептегі мекетепке дейінгі шағын орталық тобына лайықталып апталық сағат саны, жылдық сағаттары көрсетіліп жасалған. Мектепке дейінгі шағын орталық тобы 2топқа: 2жас-1топ, 3-4 жаста-1 топтарға бөлінген. Мектепке дейінгі шағын орталық тобы мынадай инвариативті бөліктер мен оқу пәндері бойынша бөлінген.

Бірінші бөлік: денешынықтыру. **Екінші бөлік:** сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет. **Үшінші бөлік:** сенсорика. **Төртінші бөлік:** қоршаған ортамен танысу. **Бесінші бөлік:** сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру. **Алтыншы бөлік:** музыка

Денсаулық бөлігі: 2 жас - 1топ, 3-4 жаста - 1топ шағын орталық тобына денешынықтыру аптасына үш рет. Денешынықтыру-күн сайын.

«Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет» 2жас, 3-4 жастағы шағын орталық тобына күн сайын, көркем әдебиет - 0,5 сағат.

Сенсорика - 2 жастағы шағын орталық тобына күн сайын.

Қазақ тілі - аптасына бір рет. Қазақ тілі- 3-4 жас шағын орталық тобына күн сайын.

Математика негіздері - 3-4 жас шағын орталық тобына күн сайын.

Қоршаған ортамен таныстыру - 2жас, 3-4 жас, жастағы шағын орталық тобына күн сайын.

Сурет салу - мүсіндеу, жапсыру, құрастыру-2жас, 3-4 жас, жастағы шағын орталық тобына күн сайын.

Музыка - аптасына бір рет. Музыка - 2 жас, 3-4 жастағы шағын орталық тобына күн сайын.

Мектепалды даярлық тобы жұмыс оқу жоспары мына құжаттарға сәйкес құрастырылған:

2022-2023 оқу жылы: Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы». Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 182 бұйрығы және 2021-2022 оқу жылындағы әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып,Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің мектепке дейін ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары 2018 жылы 30 қазандағы №595,Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрілігінің 2016 жыл 12-ші тамыздағы №499 бұйрығын және «Қазақстан Республикасында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығының 3-қосымшасына сүйене отырып, әр сыныптың оқу жоспары дайындалды.

Жұмыс оқу жоспары мектептегі мектепалды даярлық тобына лайықталып апталық сағат саны, жылдық сағаттары көрсетіліп жасалған.

Мектепалды даярлық тобы 1 топқа бөлінген. Мектептегі апталық оқу сағаттарының саны 20, ал жылдық сағат саны 1320 сағат.

Мектепалды даярлық тобы мынадай инвариативті бөліктер мен оқу пәндері бойынша бөлінген. **Бірінші бөлік**: денсаулық бөлігі – 3 сағаттан бір мектепалды даярлықта барлық апталық сағат саны – 3 сағаттан жылдық сағат саны 96сағатты құрайды. **Екінші бөлік:** коммуникация бөлігі – 5 сағаттан бір мектепалды даярлықта барлық апталық сағат саны –5 сағаттан жылдық сағат саны 160 сағатты құрайды. **Үшінші бөлік**: таным бөлігі – 2,5 сағаттан бір мектепалды даярлық сыныптарында барлық апталық сағат саны – 2,5 сағаттан жылдық сағат саны 80сағатты құрайды. **Төртінші бөлік**: шығармашылық бөлігі – 5 сағаттан бір мектепалды даярлықта барлық апталық сағат саны – 5 сағаттан жылдық сағат саны
160 сағатты құрайды. **Бесінші бөлік**: әлеуметтік орта бөлігі – 1,5 сағаттан бір мектепалды даярлық сыныбында барлық апталық сағат саны – 1,5 сағаттан жылдық сағат саны 48 сағатты құрайды. Мектепалды даярлық сынып (5 жастан бастап) «Денсаулық» білім беру саласы бойынша жылдық оқу жүктемесінің көлемі - 96 сағатты (аптасына-3 сағат): дене тәрбиесі - 2,5сағат, қауіпсіз мінез-құлық негіздері, валеология-0,5сағат. «Комуникация» - 160 сағатты (аптасына 5 сағат): сөйлеуді дамыту - 1сағат, көркем әдебиет - 1сағат,сауат ашу және жазу неіздері - 2сағат, орыс тілі - 1сағат. «Таным» - 80 сағатты (аптасына-2,5 сағат): қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру - 1сағат, құрастыру - 0,5сағат, жаратылыстану - 1сағат. «Шығармашылық» - 160 сағатты (аптасына 5 сағат): сурет салу - 1сағат, мүсіндеу-

1сағат, жапсыру-1сағат, музыка - 1сағат. «Әлеуметтік орта»-48 сағатты (аптасына 1,5 сағат): қоршаған ортамен таныстыру-1сағат, өзін-өзі таныстыру-0,5сағат. Инвариантты компонент бойынша оқу жүктемесі барлығы-544 сағатты құрады. (аптасына 17 сағат)

Вариативтік компоненттен ISBN 978-601-321-322-4 театр әлемі, ISBN 978-601-312-356-4 менің туған өлкем, ISBN 978-601-312-126-0 қызықты логика, тақырыптары берілді.

2023-2024 оқу жылы: Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 3-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына 3-қосымшасы Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасалды.

Жұмыс оқу жоспары мектептегі мектепалды даярлық тобына лайықталып апталық сағат саны, жылдық сағаттары көрсетіліп жасалған.

Мектепалды даярлық тобы 1 топқа бөлінген. Мектептегі апталық оқу сағаттарының саны 20, ал жылдық сағат саны 678 сағат. Ұйымдастырылған іс-әрекет ұзақтығы 25-30 минут. Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа /мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар) үшін ұйымдастырылған іс-әрекет: **Бірінші:** Дене шынықтыру - 3 сағаттан бір мектеп алды даярлық сыныптарында апталық сағат саны -3сағаттан жылдық сағат саны-102 сағатты құрайды. Денешынықтыру-күн сайын. **Екінші:** Сөйлеуді дамыту- 2 сағаттан бір мектеп алды даярлық сыныптарында апталық сағат саны -2сағаттан жылдық сағат саны-68сағатты құрайды. Тілдік қарым –қатынастар күн сайын. Көркем әдебиет-2 сағаттан бір мектеп алды даярлық сыныптарында апталық сағат саны -2сағаттан жылдық сағат саны-68сағатты құрайды. Тілдік қарым-қатынастар күн сайын. Қазақ тілі-2 сағаттан бір мектеп алды даярлық сыныптарында апталық сағат саны -2сағаттан жылдық сағат саны-68сағатты құрайды. Қазақ тілі-күн сайын. **Үшінші:** Сауат ашу негіздері-3 сағаттан бір мектеп алды даярлық сыныптарында апталық сағат саны -3сағаттан жылдық сағат саны-102 сағатты құрайды. сағат. Тілдік қарым-қатынас,танымдық әрекет күн сайын. **Төртінші:** Математика негіздері-3 сағаттан бір мектеп алды даярлық сыныптарында апталық сағат саны -3 сағаттан жылдық сағат саны-102 сағатты құрайды. Танымдық, зерттеу іс-әрекет-күн сайын. **Бесінші:** Қоршаған ортамен таныстыру - 2 сағаттан бір мектеп алды даярлық сыныптарында апталық сағат саны – 2сағаттан жылдық сағат саны-68 сағатты құрайды.Тілдік қарым-қатынас, танымдық, зерттеу әрекеттері, еңбек баулу күн сайын.

